

"Көрсетілетін қызметті алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, балаларға арналған қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырысты (шығармашылық және спорттық тапсырыстар, қосымша білім беруге білім беру тапсырысы) орналастыру бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы" 2025 жылғы 12 тамыздағы № 44/02 Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 74/01 қаулысы

Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Көрсетілетін қызметті алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, балаларға арналған қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырысты (шығармашылық және спорттық тапсырыстар, қосымша білім беруге білім беру тапсырысы) орналастыру бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы" 2025 жылғы 12 тамыздағы № 44/02 Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 9-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"9. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

көрсетілген қаулының 5-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 74/01 қаулысына қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы "12" тамыздағы
№44/02 қаулысына 5-қосымша

Пилоттық жобаны іске асыру үшін бірыңғай мемлекеттік тапсырыс көлемі

№	Мемлекеттік мекеменің атауы	Қаржыландыру көлемі
1.	"Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі	247 960 000
2.	"Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі	770 000 000
3.	"Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі	545 600 000

БАРЛЫҒЫ:	1 563 560 000
----------	---------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК